

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

ПМУ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ПГУ

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 1811-1823

№ 3 (2019)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВОО постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ 17026-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

Тематическая направленностьпубликация материалов в области истории,
правоведения и общественных наук**Подписной индекс – 76132****Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Демесинова Г. Х., *к.ф.н., доцент*

Ответственный секретарь

Шахметова Н. А., *к.ф.н.,**ассоц.проф. (доцент)***Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Брицын В. М., *д.ф.н., профессор (Украина)*
 Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Россия)*
 Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*
 Жусип К. П., *д.ф.н., профессор*
 Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*
 Казиминова И. А., *ст. науч. сотр. НАН, Украина*
 Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*
 Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Россия)*
 Ыскак Д., *д.ф.н., профессор*
 Хасанулы Б., *д.ф.н., профессор*
 Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна

© ПГУ имени С. Торайгырова

МАЗМҰНЫ**Абдирасилова Г. Қ.**Аналитикалық тәсіл – сөздердің бірігу,
қосарлану, тіркесуі арқылы жаңа мағына тудыру жолы12**Абдирасилова Г. Қ., Шойбекова Ғ. Б.**

Қазақ тіліндегі ине-жіп атауларының семантикасы23

Акошева М. К., Рахимжанов К. Х.

Сөйлеу әрекетін түсіну және интерпретациялау табиғаты туралы33

Акынова Д. Б.

Код ауысымы және кірме сөздерді дифференциациялау мәселелері41

Аманғазықызы М., Оразбек М. С.

Қазақ прозасындағы қала модельдері49

Асан А. Қ.

Магиялық реализм: терминнің негіздемесі мен даму ерекшеліктері59

Аялбергенов Б. К.

Семиотикалық үрдіс ретіндегі сөйлеу әрекетінің негізгі қасиеттері64

Абдыхалыкова А., Жамышева Х.

Жоғары білім беруде ағылшын тілін оқытудың ақылды технологиялары ...73

Әлбеков Т. К.

Ауызекі әңгімелер – ел тарихының дереккөзі81

Балмағамбетова Ж. Т., Есқараева А. Е.

Метафоралардың аударылым ерекшеліктері

лингвомәдени лакун ретінде90

Досанова А. М., Әбдіқадыр И. Ә.

Репатриант-қазақтар: азаматтық сәйкестілік пен

мемлекеттік тілге қатынас корреляциясы97

Елеуова А. С., Ысқақова Ұ. Қ.

Диалог құрылымындағы тілдесімдік көрсеткіштер107

Есіркепова К. Қ., Қанапина С. Ғ., Қадырова Б. М.

Ғаламның тілдік бейнесіндегі фразеологизмдердің көрінісі115

Жанбуршина К. У., Жусупова Р. Ф., Бабаева Ю. В.

Құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру барысында

студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру123

Жүсіп Қ. П., Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н.

Мәшһүр Жүсіп және шығыс әдебиеті132

Қадыров Ж. Т., Тағудретова Б. Б., Синбаева Г. К.

Қожаберген жырау шығармаларында құбылту түрлерінің

берілу жолдары141

Қанапина С. Ғ., Есіркепова К. Қ., Қадырова Б. М.

Дәстүрлі көркемдік элементтердің ұлттық танымдық белгісі152

Қанапина С. Ғ., Есіркепова К. Қ., Қадырова Б. М.

Ғаламдық тілдік бейненің қазақ мақал-мәтелдеріндегі көрінісі160

А. С. Елеуова¹, У. К. Исакова²

Речевые индикаторы в структуре диалога

^{1,2}Атырауский государственный университет
имени Х. Досмухамедова,
г. Атырау, 060000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 12.08.19.

A. S. Yeleuova¹, U. K. Isakova²

Voice indicators in the structure of the dialogue

^{1,2}Kh. Dosmukhamedov Atyrau State University,
Atyrau, 060000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 12.08.19.

В статье автор на основании языковедческих исследований рассматривает связь между языковым содержанием и коммуникативными ситуациями, опираясь на экстралингвистические факторы использования языка. В ходе анализа влияния коммуникативно-прагматических и структурно-семантических аспектов на цели и взаимосвязь диалоговых действий определены функциональные особенности языковых единиц в рамках отдельных речевых категорий.

In the article the author on the basis of research works in linguistics, based on extralinguistic factors in the use of language considers the relationship between language content and communicative situations. Analyzing the influence of communicative-pragmatic and structural-semantic aspects on the goals and interrelation of dialog actions, determines the functional features of language units within certain speech categories.

К. Қ. Есіркепова¹, С. Ф. Қанапина², Б. М. Қадырова³

¹ф.ғ.к., доцент, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ., 110000, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., доцент, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ., 110000, Қазақстан Республикасы;

³ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: ²kenzhe.1810@mail.ru

ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ КӨРІНІСІ

Бұл мақалада Ғаламның тілдік бейнесін ашуда фразеологизмдердің дүниетанымдық мәні қарастырылған. Ғаламның бейнесі түсінігі (соның ішінде, ғаламның тілдік бейнесі) адамның әлем туралы көзқарасы, көрінісі туралы мағлұматтар берілген. Егер әлем – адам мен оның қарым-қатынас жасау ортасы болса, әлемнің бейнесі – адам мен орта туралы ақпараттарды өңдеу нәтижесі.

Кілтті сөздер: антропоцентризм, ғаламның тілдік бейнесі, фразеологизм.

КІРІСПЕ

Тіл – адамның әлем туралы білімін қалыптастыратын және жүзеге асыратын маңызды құрал. Адам түрлі әрекет үрдісінде объективті әлемді қамти отырып, сөздерде таным нәтижесін бекітеді. Бұл тілдік формада бекітілген білім жиынтығы түрлі концепцияларда «тілдік аралық әлем», «әлемнің тілдік репрезентациясы», «әлемнің тілдік моделі», «ғаламның тілдік бейнесі» (немесе «әлемнің тілдік бейнесі») деп аталып жүр. Кең таралуына байланысты біз соңғы терминді қолдануды жөн көрдік [1].

Әрбір тіл әлемді түрліше бейнелейді, яғни әрқайсысының әлемді концептілеуінің өз әдіс-тәсілдері бар. Ғаламның бейнесі түсінігі (соның ішінде, ғаламның тілдік бейнесі) адамның әлем туралы көзқарасын, көрінісін зерттеуден тұрады. Егер әлем – адам мен оның қарым-қатынас жасау ортасы болса, әлемнің бейнесі – адам мен орта туралы ақпараттарды өңдеу нәтижесі. Осылайша, когнитивті лингвистика өкілдерінің пікірі бойынша, ғаламның тілдік бейнесі түрінде берілген концептуалды жүйе физикалық және мәдени тәжірибеге тәуелді және онымен тікелей байланысты. Адамның санасында сыртқы әлемнің заттары мен құбылыстары ішкі бейне түрінде көрініс табады.

Әдетте «бейне» сөзін естігенде біз ең алдымен белгілі бір заттың немесе құбылыстың суреті немесе оның бейнеленуі туралы ойлаймыз, алайда Ғалымдар өз еңбектерінде «ғаламның бейнесі – ғаламды суреттейтін бейне емес, бейне ретінде қабылданатын әлем» деп атап өткен болатын. Шынайы әлемнің көрінісі ретіндегі ғаламның бейнесі мен белгілі бір көріністің бекітілуі ретіндегі ғаламның бейнесі арасында күрделі айырмашылықтар бар. Ғаламның бейнесі кеңістік параметрлері (жоғары – төмен, оң – сол, шығыс – батыс, алыс – жақын), уақыт параметрлері (күн – түн, қыс – жаз), сандық параметрлер, этикалық параметрлер т.б. көмегімен көрініс табады. Оның қалыптасуына тіл, салт-дәстүр, табиғат, ландшафт, тәрбие, білім және өзге де әлеуметтік факторлар әсер етеді.

Ғаламның тілдік бейнесі өзге арнайы ғалам бейнелерін (химиялық, физикалық т.б.) қалыптастырып, олардың алдында тұрады, себебі адам қоршаған әлемді де, өзін де, адамзаттың және ұлттың қоғамдық-тарихи тәжірибелері бекітілген, тіл арқылы ғана түсіне алады. Тілдің айрықша ерекшеліктерінің барлық деңгейлерін анықтайтын да – ұлттың қоғамдық-тарихи, мәдени тәжірибесі. Тілдің ерекшелігіне байланысты оны тасушы адамның санасында белгілі ғаламның тілдік бейнесі қалыптасып, адам әлемді соның аралық әсерімен көреді.

Ғаламның тілдік бейнесінің ғылымға дейінгі сипатын көрсете отырып, оны аңғырт бейне деп атаған. Ғаламның тілдік бейнесі шындық туралы объективті білімді толықтыра отырып, көп жағдайда оны бұрмалайды (атом, нүкте, сәуле, жылу т.б. сөздердің мағынасын түсіндірме және ғылыми сөздіктерден қарау). Бұл сөздердің семантикасын зерттей отырып, ғаламның аңғырт бейнесінің өзгешелігін анықтайтын, когнитивті (ойлау) моделдердің ерекшеліктерін табуға болады [2].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Адам әлемді тану барысында жаңылып, қателіктер жіберуі мүмкін болғандықтан, ғаламның концептуалды бейнесі үнемі өзгеріп, «қайта салынып» отырады, ал ғаламның тілдік бейнесі көп уақыт бойы қателіктердің нәтижесін сақтайды. Мысалы, эмоционалды жағдайды *суреттеуде «жаным қалқыды», «жаны қалқу» (воспарить душой)* фразеологизмі қолданылады, бұл фразеологизм «адамды рухтандыратын субстанция – жан болады» деген архаикалық көзқарастармен байланысты, ғаламның мифологиялық бейнесінде адамның жаны бу ретінде суреттеліп, денеден тыс аспанға ұша алатын болған.

Тілдік семантика құралдарымен кодталған ғаламның бейнесі белгілі бір дәрежеде уақытша болуы мүмкін, ғаламның бейнесі өзге тілдік құралдарға қол жеткізе алмағандықтан ғана бұрынғы оппозицияларды

дәстүрлі түрде жүзеге асырады, ал ескі мағыналардың көмегімен жаңа мағыналар пайда болады. Яғни, белгілі тілдік ұжымдарда пайда болған мәтіндер мен олардың тәртібіндегі заңдылықтарда іске асатын өзекті менталды модел мен тілдің архаикалық және семантикалық жүйесінде айырмашылықтар пайда болады. Ғаламның тілдік бейнесі адамның әлемге деген қатынас түрін қалыптастырады (табиғатқа, жан-жануарларға, өз-өзіне және әлемнің элементтеріне). Онда көрсетілген мәндер ортақ көзқарастар жүйесіне біріктіріліп, ұжымдық философияға айналып, тілді тасушылардың барлығына міндет ретінде мәжбүрленеді.

Осылайша, тілдің рөлі тек қана белгілі бір хабарламаны тарату емес, бірінші кезекте сол хабарламаға тиісті ақпараттарды іштей ұйымдастыру болып табылады. Тілде бекітілген әлем туралы білім мен нақты тілдік қауымдастықтың ұлттық-мәдени тәжірибесінен тұратын «мағыналар кеңістігі» пайда болады [2].

Ғаламның тілдік бейнесіне деген қызығушылық В. Гумбольдтың еңбектерінен бастау алады, ол өз зерттеулерінде «тіл – ұлттың ерекше ойлауы мен әлемді қабылдауының мүшесі» деп атап өткен болатын [3].

«Тілдік әлемтану» Гумбольдтің идеясы заманауи неогумбольдшыларда одан әрі дами түсті. Шынымен де, әрбір халық әлемді әр түрлі мүшелеп, әлемнің фрагменттерін түрліше атайды. «Құрастырылатын» әлем бейнесінің әр түрлілігі онда жеке, топтық пен ұлттық (этникалық) вербалды және вербалды емес тәжірибелер нақтыланауымен анықталады. Неогумбольдшылар ғаламның тілдік бейнесінің ұлттық өзгешелігін ұзақ тарихи даму нәтижесі ретінде емес, әуел баста берілген тілдің қызметі ретінде қарастырады. Олардың ойынша, адамдар тілдің көмегімен өздерін қоршаған ортадан бөлек өздерінің ерекше әлемін құрастырады. Айтушының ғаламдық бейнесі, расымен де, құбылыстарға, заттар мен олардың қызметіне берілген ғылыми көзқарастардан өзгеше, себебі ол «объективті әлемнің субъективті бейнесі» болып табылады. Алайда ғаламның субъективті бейнесін құрастыратын тілдің өзі емес [3].

Ғаламның бейнесі заттардың, үрдістердің, құбылыстардың т.б. қарапайым «фотосуреттерінің» жиынтығы емес, себебі тек қана бейнеленген объектілерден емес, бейнелейтін субъектінің позициясынан, оның объектілерге қатысынан тұрады, ал субъект позициясы – объектілердің өздері сияқты шынайылық. Адамның әлемді бейнелеуі бейтарап емес, әрекетшіл болғандықтан, объектілерге деген қатынас сол объектілердің өздерімен ғана туындамай, әрекет ету арқылы оларды өзгерте де алады. Нәтижесінде, әлеуметтік-типтік позициялар, қарым-қатынастар, бағалар жүйесінің ұлттық тіл жүйесінің таңбалық бейнесін тауып, ғаламның тілдік бейнесін құрастыруда қатысатындығы анықталды. Мысалы, қырғыз тіліндегі

– «есектің құйрығы жерге тигенде» тіркесі, орыс тіліндегі «шаян тауда ысқырғанда» тіркесіне немесе ағылшын тіліндегі «шошқалар ұшқанда» тіркесіне сәйкес келеді т.б. Осылайша, ғаламның тілдік бейнесі толығымен де, маңыздылығымен де адам санасындағы әлемнің логикалық көрінісімен сәйкес келеді. Бірақ ғаламның тілдік бейнесіндегі жеке бөліктер сақталады, оның ішіне әр тілдің өзіне қатысты фразеологиясы да енеді [4].

Ғаламның тілдік бейнесін құрастыруда фразеологизмдер маңызды орынға ие. Олар – «ұлт өмірінің айнасы». Фразеологиялық бірліктердің мағынасы тілді тасушылардың фондық білімімен, тұлғаның өмірлік тәжірибесімен, сол тілде сөйлейтін халықтың тарихи-мәдени дәстүрлерімен тығыз байланысты. Фразеологиялық бірліктер объектілерге ғаламның бейнесі туралы ассоциация тудыратын сипаттарды жатқызып, толық дескриптивті жағдайды (мәтін) жобалап, оны бағалайды, оған деген қатынасын көрсетеді. Фразеологиялық бірліктер семантикасы адам және оның әрекетін сипаттауға бағытталады.

Фразеологизмдер тудыратын ғаламның тілдік бейнесіне анализ жүргізе келе, келесідей белгілері анықталды – пейоративтілігі, антропоцентрилігі. Осылайша, ғаламның бейнесінің антропоцентрилігі оның адамға бағытталауында көрініс табады, яғни адам кез-келген нәрсенің өлшемі ретінде қолданылады: *жақын – мұрнының астында, қол жетім жерде, бауырында; тез – көзді ашып-жұмғанша т.б.*

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер – тілімізде, халықтың рухани, мәдени өмірі мен салт – дәстүрі, наным – сенім, дүниетанымы негізінде туындап, көркем сөздің кең қолданылатын бейнелі де әсерлі құралына, сөз мағынасы мен мәніне эмоционалды – экспрессивті реңк беріп тұратын тәсіліне айналған тілдік құбылыс. Оның көптеген сыры этнолингвистикалық, этнопсихологиялық, экстралингвистикалық факторларға да байланысты [5].

Фразеологизмдердің мағынасы ұрпақтан-ұрпаққа, әлеуметтік және рухани бағыт болатын мәдени ұстанымдарды бүгінге дейін жеткізіп, әрі қарай жалғасын тауып отырады.

1. Бұлт айналып, **басыңның тайды бағы**

(**бақ** дегенің қашан да айнымалы),

Әлгі достар сырт қарап, сонда сенен

Жанарын тайдырады («Жалған достар. 58 б, Ф.О).

2. Тайдырса да басынан **бақ шынарын**,

Жалғыздықтан сақта деп жас бұладым.

3. Ойхой,

Көңіл – құлыным

Қандай қызық қылығың.

Тастамасын ешқашан

Тағдыр саған құрығын! («Сағыныш». 106 б, М.А)

«Ұлттық реңктегі фразеологизмдердің идиоэтникалық ерекшелігі олардың құрамындағы реалийлердің болуымен ғана анықталмайды, жалпы мәдени ұлттық коннотация арқылы түсіндірілсе ғана ұлттық реңктегі фразеологизмдер болып табылады» [6, 25–6].

Ақын өлеңдеріндегі ұлттық мәнді білдіретін **«тағдыр»** және **«бақ»** ұғымдарын жете танып түсінудегі қазақтың ұлттық дүние таным ерекшеліктерін айта кетуіміз керек.

«Тағдыр» халықтың мәдени мәні бар ұғымдарының бірі әрі қазақ дүниетанымында басты орын алады. Ол-өзінің абстракциялық сипаттамасы бойынша өте күрделі және символдық мәнге ие.

Қазақтың танымында **«Тағдырға»** қанағаттанудан гөрі қанағаттанбаушылығы басым екендігі байқалады. Яғни, «тағдыр» өмірдің тұщысы мен ащысында да қолданыс табады. **«Асау тағдыр», «қатал тағдыр», «тағдыр талкегі», «тағдыр құрығы».** Сонымен, **«тағдыр құрығы», «бақ таю», «бақ шынары»** авторлық фразеологизмдер қазақ дүниетанымында бір тұтас философиялық контексте ғаламның тілдік бейнесі арқылы ұлттық-дүниетанымдық көрініс береді. Олар-бірін-бірі алмастырып, толықтыратын концептілік құрылымдар.

Фразеологизмдер құрамындағы тұрақты элементтердің коннотативті мәнде қолданылуының басты себебі – әр халықтың салт-дәстүрімен өткен тарихымен, әлеуметтік тұрмыс жағдайымен ұштасып жататынын да естен шығармау керек.

Поэзиялық шығармада ақынның қалам тартысын, сөз қолданыс өрнегін байқататын ерекше сөз тіркестері, сөйлем құрылыстары – фразеологизмдер. Поэзияда қолданылатын фразеологизмдердің өзінің лексика-семантикалық мәні, морфологиялық құрылымы, ғаламның тілдік бейнесін берудегі қызметі мәтін ішінде айқын көрінеді.

Жүрмін, ана,

*Көп жаннан **сағым сынып**,*

Қиналамын кетердей жаным шығып

(«Жүрмін ана». 48 б, Ф.О).

Тірліктің күйбеңінен алып шығар,

Шашасына шаң жұқпас,

Шабыттарын! (М.А).

сағым сынып (беті қайту, көңілі қалу), *шашасына шаң жұқпас* (саңлақ дара, алдыда болу).

Ғаламның тілдік бейнесі түрлі бояулар арқылы қалыптасады, біздің көзқарасымыз бойынша, олардың ең жарқыны – фразеологизмдер, мифологемалар, бейнелі-метафоралық сөздер, коннотативті сөздер т.б.

Фразеологизмдер – мағынасы жағынан, адамды танытатын, оның ішкі жан дүниесіндегі күйзеліс, арпалысын білдіретін, адамның іс-әрекетін суреттейтін, психологиялық жай-күйінен туған сезімді ашатын, мағыналы, мазмұнды, орынды жұмсалған сөз тіркестері. Мұндай тұрақты сөз тіркестерін пайдалану арқылы айтайын деген ойын нақты білдіре отырып, өмір жолындағы адамның іс-әрекет, қимылын, моральдық этикалық дәрежесін көрсетуде қызмет етеді. Ол әлемдегі адамның тәртіп нормаларына жол сілтейді, оның әлемге қатынасын анықтайды. Әрбір табиғи тіл әлемді қабылдау мен ұйымдастырудың («концептілеудің») белгілі бір әдісін бейнелейді. Берілген тілде сөйлейтіндердің әлемі, яғни лексика, фразеология, грамматикада бекітілген әлем туралы білімнің жиынтығынан тұратын ғаламның тілдік бейнесі қалыптасады.

Қалай,

жұрттың бәріне шаң шапқаның,

бір насықтан көңілім қалды екен деп

(«Балам...» 60 б, Ф. О).

Ғаламның тілдік бейнесін жасауда фразеологизмдердің тұрақтылығы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, әлеуметтік және рухани бағыт болатын мәдени ұстанымдарды бүгінге дейін жеткізіп, әрі қарай жалғасын табуына тікелей әсер етеді. Көптеген негізгі сөздер тізбегі және фразеологиялық бірліктердің мағыналары әлемді антропоцентристік түсіну негізінде пайда болған. Мұндай номинативті бірліктер адамдардың тұрмысы мен пейілін, дәстүрі мен тәртібін, олардың бір-біріне, әлемге деген қарым-қатынасын суреттейтін ғаламның мәдени-ұлттық бейнесін құрастырады. Сөз зергерлері фразеологизмдерді қажет жерінде авторлық өңдеумен қолданады өйткені фразеологизмдерді қарастыру арқылы ұлттық тілдің көркемдік таным әлемі, әлеуметтік болмысы танылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Фразеологизмдер ұлттық тіліміздің көркемдік әлемін әлеуметтік болмысын танытумен қатар, жазушы тілінің байлығын да көрсетеді.

Біздің әлем туралы түсінігіміз ішінара ғаламның тілдік бейнесінің тұтқыны десек те болады. Кез-келген нақты тіл, сол тілді тасушылардың көзқарастарын анықтап, олардың әлемдік бейнесін тудыратын ұлттық, өзіндік ерекше жүйеден тұрады.

Тілдің мазмұндық жағында (грамматикасында азырақ) барлық мәдени стереотиптің бастамы болып табылатын белгілі бір этностың ғаламдық бейнесі көрініс табады. Біздің әлем туралы түсінігіміз ішінара ғаламның тілдік бейнесінің тұтқыны десек те болады. Кез-келген нақты тіл, сол тілді тасушылардың көзқарастарын анықтап, олардың әлемдік бейнесін тудыратын ұлттық, өзіндік ерекше жүйеден тұрады.

Суреткер тіліндегі фразеологизмдер әлемі оның поэтикалық тілі арқылы көрінетін дүниетанымын көрсетеді. Сонымен, ғаламның тілдік бейнесі мәселесін зерттеу, адамның ерекшелігі мен болмысын, оның әлеммен байланысын, өмір сүру жағдайын сипаттайтын ғаламның концептуалды бейнесі мәселесімен тығыз байланысты. Ғаламның тілдік бейнесі адамның түрлі ғалам бейнелерін эксплициттеп, жалпы ғаламның бейнесін сипаттайды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Сафронова, И. Н.** Художественный текст как культурно-смысловое пространство. Язык и культура, 1993. – 190 с.

2 **Попова, З. Д.** Язык и национальная картина мира / З. Д. Попова, И. А. Стернин. – Воронеж, 2003.

3 **Гумбольдт, В. Фон.** Язык и философия культуры. – М. : Прогресс, 1985, 451.

4 **Серебренников, Б. А.** Роль человеческого фактора в языке. Язык и мышление. – М., 1989. – 244 с.

5 **Маслова, Ю. С.** Введение в лингвокультурологию. – М., 2006, 207 б.

6 **Авакова, Р.** Фразеологиялық семантика. – Алматы. ҚазМУУ, 2002.

7 **Айбарша, И.** Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті. Фил.ғыл.докт. дисс. авторефераты, 2004.

8 **Оңғарсынова, Ф.** Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы : Жазушы, 1984.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

К. Қ. Есіркепова¹, С. Ф. Қанапина², Б. М. Қадырова³

Проявление фразеологизмов в языковом образе вселенной

^{1,2}Костанайский государственный педагогический институт,
г. Костанай, 110000, Республика Казахстан;

³Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,
г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 12.08.19.

К. К. Esirkepova¹, S. G. Kanapina², B. M. Kadyrova³

The manifestation of phraseological units in the linguistic image of the world

^{1,2}Kostanai State Pedagogical University,
Kostanai, 110000, Republic of Kazakhstan;

³S. Toraighyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.

Material received on 12.08.19.

В статье рассматривается когнитивный смысл фразеологизмов в контексте языковой картины мира. Предоставлена информация о понятии картины мира (в том числе языковой картины мира), о мировоззрении человека и о его взглядах на мир. Если мир это – его связь с человеком, языковая картина мира – результат обработки информации о человеке и окружающей среде.

The article considers the cognitive meaning of phraseological units in revealing the linguistic picture of the world. Information is provided on the concept of the picture of the world (including the linguistic picture of the world), about the worldviews of man and his views on the world. If the world is a person's connection with the world, the picture of the world is the result of processing information about a person and the environment.

ГРНТИ 14.35.07

К. У. Жанбуршина¹, Р. Ф. Жусупова², Ю. В. Бабаева³

¹магистрант, Филологический факультет, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан;

²к.п.н., ассоц. профессор, Филологический факультет, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан;

³магистрант, Филологический факультет, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан

e-mail: ¹kamilaa01@mail.ru; ²rozazhussupova@mail.ru;

³hungrylily.98@gmail.com

ОРГАНИЗАЦИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ РЕАЛИЗАЦИИ КОМПЕТЕНТНОСТНОГО ПОДХОДА

В настоящее время казахстанская система образования рассматривает самостоятельную работу студента, как одну из составляющих компонентов обучения, реализующаяся в рамках компетентностного подхода. В Казахстане актуальность рассматриваемой проблемы заключается в ее недостаточной теоретической и практической разработанности для подготовки специалиста высшего профессионального образования. В связи с этим целью статьи была организация и совершенствование самостоятельной работы студентов, а также рассматривается ее сущность и проблема реализации в условиях компетентностного подхода.

Ключевые слова: компетентностный подход, компетентность, самостоятельная работа студента, система высшего образования.

ВВЕДЕНИЕ

Переход университетов страны на кредитную систему образования, а также и на другие современные учебные образовательные программы, требует новых подходов к самостоятельной работе студента. В связи с чем, по Госстандарту, введенному в 2008 году, объем самостоятельной работы составлял не менее 50 %, а в Госстандарте нового поколения, утвержденного